

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы N 140 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 31 тамыздағы N 817

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сатып алулар процесіндегі қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы N 140 P980140_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 7, 40-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) атауындағы "департаменті" деген сөзден кейін "1998 жылы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) қаулы мен қосымшалардың атауындағы, мәтініндегі "қаржы министрлігінің" деген сөздер "Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-тармақтағы "Тауарлардың" деген сөздің алдынан "Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынатын" деген сөздермен толықтырылсын;

4) көрсетілген қаулыға "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастырушы болатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатурасы" деген 1-қосымшада:

атауындағы "ұйымдастырушы болатын" деген сөздерден кейін "республикалық бюджеттің қаражаты есебінен сатып алынатын" деген сөздермен толықтырылсын;

5) көрсетілген қаулыға "Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті болатын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуды жүзеге асыратын тапсырысшыларының тізбесі" деген 2-қосымшада:

"жергілікті атқарушы органдар - көмір, мұнай өнімдері, көлік құралдары" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК